

Балтабай селолық округіндегі Балтабай, Еңбек және Өрнек ауылдарындағы көшелердің атауын өзгерту және жаңа атау беру туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Балтабай селолық округі әкімінің 2010 жылғы 05 мамырдағы N 15 шешімі. Алматы облысы Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 27 мамырда N 2-8-145 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес және Еңбекшіқазақ аудандық ономастика кеңесінің келісімі мен тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Балтабай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Балтабай селолық округіндегі ауылдардың көшелерінің атаулары төмендегідей өзгертілсін:

1) Балтабай ауылындағы "Первая Новостроевская" көшесінің атауы Балғабеков Бейсенбай" көшесі деп өзгертілсін;

2) Еңбек ауылындағы "Огородная" көшесінің атауы "Тоғызақов Жапар" көшесі деп өзгертілсін;

3) Өрнек ауылындағы атауы жоқ көшеге "Жексебаев Баймухамет" көшесі атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Округ әкімі

Н.И. Тайсариев